

Х А Т Т А М А

Арал қаласы

25 шілде 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің магистральдық су құбыры мен таратушы желілер арқылы су жеткізіп беру қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2022 жылдың I – жарты жылдық қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: Қ. Жанжігітов - «Арал» СЖКБД филиалы су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. С. Ахметова - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. «Қуанышбек» ЖШС- ның өкілі Д. Мадинов
3. И. Қапаров – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
4. С. Елеуова – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің инженер технологі.
5. К.Маханова - «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің басшысы.
6. Ә. Өтегұлов «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
7. Т. Саянов - «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
8. Н. Утегенов – Арал қаласы Әйтеке би көшесінің тұрғыны
9. Е. Маханбетжан - Арал қаласы Қызылорда көшесінің тұрғыны
10. Е. Алдамжаров - Арал қаласы Медетбаев көшесінің тұрғыны
11. М. Нурлыбаева Арал қаласы К. Өтенов көшесінің тұрғыны
12. Ш. Сламов Арал қаласы Медетбаев көшесінің тұрғыны
13. С. Қалиев Арал қаласы Б. Майлин көшесінің тұрғыны
14. Т. Елубаев Арал қаласы Т. Жароков көшесінің тұрғыны
15. Ш. Бекмагамбетов Арал қаласы Жансүгіров көшесінің тұрғыны

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I-ші жарты жылдығында реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы: Бөлімше басшысы – И. Қапаров).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Арал» СЖКБД филиалы су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы –

Қ. Жанжігітов тыңдауды ашты.

Бөлімше басшысы И. Қапаров күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша бөлімшенің 2022 жылдың I- жарты жылдығында Арал ауданы тұрғындарын, (тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады “Нұра топтық су құбыры” шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның “Арал” салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалының «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде **41** насос стансасы, **38** дана су ұңғымасы, **1 481 809** км су құбыры желілері, оның ішінде **745,632** шақырым магистральды су құбырлары және **736,177** ішкі су тарату желісі, магистральды су құбырлары бойында **1 590** дана бақылау құдықтары және ішкі су тарату желілері бойында **4 405** дана бақылау құдықтары арқылы Арал ауданының **40** және Қазалы ауданының **22** елді мекендерінің **136,6** мыңнан астам тұрғындарын, **500-ге** жуық шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де мекемелерді ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін көрсетеді.

Өндірістік бөлімшеде **283** жұмысшы-қызметкер, **31** дана техника жұмылдырылған.

2022 жылдың I- жарты жылдығында Қосаман бас су тоғанынан **1833, 9683** мың.текше метр ауыз су өндіріліп, Арал және Қазалы аудандарына **1 516, 087** мың.текше метр ауыз су таратылды. Оның ішінде Арал ауданына **690, 790** мың м³ ауыз су тұтынушыларға таратылды.

Табиғи монополияларды реттеу департаменті Қызылорда облысы бойынша 2021 жылдың 04 тамызындағы №85НҚ бұйрығымен бекітілген 1 текше метр ауыз судың магистральдық құбырлар мен таратушы желілер арқылы беру қызметіне **507,14** теңге ҚҚС-мен уақытша өтемдік тарифі 2021 жылдың қыркүйек айының 1 бастап қолданысқа енгізілді. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрлымдық даму министрлігінің 2021 жылғы 27 тамыздағы № 470 бұйрығына сәйкес Қызылорда облысының мәслихат шешімінің жобасына сәйкес, субсидиялау қағидаларының жана нормалары 2021 жылдың 16 тамызынан бастап субсидиялау қағидаларының 13 тармағына сәйкес бюджеттен субсидиялау 1 адамға тәулігіне 140 литр айына 4,3м³ мөлшерінде ғана төленіп, нормадан асқан ауыз су көлеміне толық тарифпен төлейді.

Су есептегіші бар тұрғындарға әрбір пайдаланған ауыз судың 1 текше метріне 30 теңгеден, есептегіші жоқ тұрғындар 40 теңгеден ақша төледі. Бекітілген тарифпен екі арадағы айырмасын Республикалық бюджеттен субсидия есебінде төленеді.

Өндірістік бөлімше Арал ауданының **43** елді мекенінің **14 408** абонентін тұрақты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етеді. Арал ауданы бойынша су есептегіш құралымен су ішіп отырған абонент саны **14 115**, көше колонкасынан су тұтынушылар саны **-227** және арнайы су таситын автокөлікпен қамтамасыз етілетін тұтынушылар саны – **66** адам. Мекеме саны **493** дана.

2022 жылдың I-ші жарты жылдығы бойынша 739,7 км магистральды су құбырлары бойында 41 дана ақау магистральды су құбыры желілерінде орын алып қайта қалпына келтірілді..

Сонымен қатар, 837,692 км ішкі су құбырлары желілерінде орын алған 74 дана ақау қайта қалпына келтірілді. Жоғарыда көрсетілген апаттық жағдайларды қайта қалпына келтіру үшін 2 615,861 млн.теңге қаражат игерілді. Оның ішінде, бөлімшеге қарасты ауыз су жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарының кестесі бекітіледі. Осы жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына қаржылай көрсеткіші 2 885,653 млн.теңгені құрайтын шикізат-материалдар жұмсалып, бекітілген кестеге сәйкес Арал қаласы, Жақсықылыш кенті, Сексеуіл кенті, ауылдық елді мекендер бойынша су тарату бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан көру құдықтарының іші лайдан тазартылып, ішіндегі ашып-жабу арматураларына, өрт гидранттарына техникалық күтім жасалды. Сонымен қатар жүйелі түрде барлық насос стансаларының аумағында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, темір-бетон қоршауларын әктеу, темір қақпаларын сырлау және насос қондырғыларына техникалық күтім жасау жұмыстары атқарылды.

2022 жылы 801 дана су есептегіш құрылдары жаңадан ауыстырылды. Атап айтқанда:

- жеке тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру – 602 дана,
- заңды тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру - 42 дана,
- жеке тұлғаларға жаңадан су есептегіш орнату -143 дана.
- Заңды тұлғаларға жаңадан су есептегіш орнату – 14 дана

Ауыз судың сапасы бойынша атқарылған жұмыстар:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Экономика Министрлігінің 16.03.2015 жылғы №209 қаулысымен бекітілген «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық –ауыз сумен жабдықтауға суды мәдени-тұрмысының пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес өндірістік бөлімшеге қарасты нысандардан химиялық көрсеткіштер бойынша 6943 сынама, бактериологиялық көрсеткіштер бойынша 1066 сынамалар алынды. Ауыз судың сапасы ҚР МемСТР-2874-82 стандартына сәйкес келеді.

Жоспарлы түрде сәуір айында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық магистралды және ішкі су тарату желілеріне, су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Алдағы уақытта бөлімше тұтынушыларды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша жоспарлаған жұмыстарын жалғасытыра береді. Жұмысшы –

кызметкерлердің барлығы арнаулы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілген, еңбек ақылары уақытылы беріліп тұр.

Ауыз су тұтынушылар атынан Арал қаласы Әйтеке би көшесінің тұрғыны Н. Утегенов ауыз-сумен үздіксіз қамтамасыз ету барысында атқарылған жұмыстарына оң бағасын беріп, бөлімше қызметкерлеріне алғысын берді.

Қорытынды:

«Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I-ші жарты жылдығында тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тындау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыты – сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.

Тындаудың төрағасы:



Қ. Жанжігітов

Хатшысы:



Э. Журимбетова

ХАТТАМА

Әйтеке би кенті

«25» шілде 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалы Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I жартыжылдығында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: Қ.Жанжігітов – «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ә. Ахмет – Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы- С. Ахметова
3. А.Тусипбекова – «Даулет-Энерго» ЖШС-гі Қазалы филиалының директоры.
4. Қ.Жанжігітов «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.
5. Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің басшысы.
6. Т.Алданазаров - «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
7. Е.Мұхаш – «ҚЭТТК» АҚ-ның Қазалы аудандық электр торабының басшысы.
8. Н.Аймағамбет - Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімше басшысының орынбасары.
9. Хатшы - Ж. Әбдібай - Арал–Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің есепшісі.

Тұрғындар: Әйтеке би кенті Пірімов көшесі №48 үйдің тұрғыны Қалнияз Жұмабек, Сүлейменов көшесі №106 үйдің тұрғыны Бөлебай Болатбек, Көшербаев көшесі №20 үйдің тұрғыны Ибнажипова Шынар, Райымбек батыр көшесі № 17 үйдің тұрғыны Сүлейменов Нұрбол, Достық көшесі №28 үйдің тұрғыны Сапар Байдрахман және тағы басқалар

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

1. Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де

мүдделі тұлғалар алдында 2022 жылдың I жартыжылдығында атқарылған жұмыстары туралы есебі. (Баяндамашы – Ә.Ахмет – бөлімше бастығы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы - Қ. Жанжігітов есепті тыңдауды ашты.

Ә. Ахмет күн тәртібіндегі мәселе бойынша өндірістік бөлімшенің 2022 жылдың I жартыжылдығында атқарған жұмыстары бойынша баяндама жасады.

“Нұра топтық су құбыры” шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның “Арал” салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінде **188** қызметкер, **17** дана техника, **23** насос стансасы, **2** дана су қыспақты мұнарасы, **298** шақырым магистралды су құбырлары, **399** шақырым ішкі су тарату және **388** шақырым сервистік су желілері арқылы ауданның **22** елді мекені бойынша **14 857** үйде тұратын **81 863** адамға, **106** бюджеттік және **371** шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де мекемелерге ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

2022 жылдың I жартыжылдығының жоспары бойынша таратылатын ауыз судың көлемі **823,086 мың** текше метр болса, нақты **825,297** мың текше метр таратылып, **100** пайызға орындалды. Мекемелерге таратылғаны **84,522 мың** текше метр. Екі жақты келісім шарт бойынша тұтынушы маусым айында пайдаланған ауыз су төлемін келесі айдың **25-ші** жұлдызына дейін есеп-айрысуы қажет. Осыған сәйкес ауыз суға бережағы бар заңды тұлғаларға белгіленген мерзімінен кешіктірмей есеп-айрысу жөнінде ескерту хаттар беріліп, күнделікті есеп шотқа түскен төлемдеріне бақылау жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2021 жылғы 4 тамыздағы №85-НҚ бұйрығы негізінде 1 текше метр ауыз суды магистралдық құбырлар және таратушы желілер арқылы беру қызметіне **ҚҚС-сыз 452,80 теңге, ҚҚС-мен 507,14 теңге** мөлшерінде уақытша өтемдік тарифі 2021 жылдың қыркүйек айының 1 жұлдызынан қолданысқа енгізілді.

Халықты қолжетімді ауыз сумен қамсыздандырудың әлеуметтік маңыздылығын ескеріп, жеткізілген көлемде ауыз суды пайдаланып отырған бюджеттік және өзге де мекемелер, жеке кәсіпкерлерді қоспағанда, тұрғындардан су есептегіш құралымен текше метрі 30 теңгеден, су есептегіш құралынсыз текше метрі 40 теңгемен жеңілдетілген тарифпен төлем жиналып, қалған тарифтің айырмасы бюджет есебінен субсидия түрінде төленді. Көше колонкасынан тасып ішетін тұрғындар үшін бекітілген норматив бойынша адам басына тәулігіне 50 литр. Осыған сәйкес ауыз суды көшеден тасып ішетін **64** үйдің тұрғындарына, яғни **140** адамға 1 айға жан басына **60** теңгеден төлем жүргізілді.

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 27.07.2021 жылғы №394 бұйрығымен бекітілген ауыз сумен жабдықтау құнын субсидиялау Қағидаларына өзгерістер енгізілуіне байланысты бір адамға тәуліктік ауыз су нормасы 140 литр немесе айына 4,3 текше метр көлемінде бекітіліп, 2021 жылдың 16 тамызынан қолданысқа енді. Осыған байланысты жаңа Қағида қолданысқа енген уақыттан бастап тұтынушылар белгіленген норма шегінде

ауыз су тұтынған жағдайда текше метріне 30 теңгемен, нормадан аскан жағдайда толық бағамен 507,14 теңгемен төлем жасайды.

Ауыз су жеткізуші болып табылатын “Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры” өндірістік бөлімшесінен Әйтеке би кентіндегі №1 су көтеру бекетіндегі жалпы сиымдылығы 21 750 текше метрлік су қоймаларына тәулігіне 7 500-8 500 текше метрге дейін ауыз су қабылданып, кент, қала және ауылдық елді мекендерге тәулік бойы үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз етілді.

Есепті кезеңде жоспарда жоқ ақауды жөндеу жұмыстарына барлығы 378, 863 мың.теңге қаржы жұмсалып, магистралды және ішкі су тарату желісі бойында орын алған барлығы 99 ақау қалпына келтірілді. Оның ішінде: магистралды су құбыры бойында - 10 ақау, ішкі су тарату желісінде - 89 ақау. Осы ішкі су тарату желісіндегі 89 ақаулар, айтқанда: Әйтеке би кентінде- 55 ақау, Қазалы қаласында - 3 ақау, Мұратбаев ауылында – 23 ақау, Майдакөл ауылында- 1 ақау, Ақтан батыр ауылында -3 ақау, Бекарыстан би ауылында- 3 ақау, Басықара ауылында- 1 ақау орын алды. Қалпына келтіру жұмыстарына түрлі диаметрдегі компрессионды муфталар мен электромурфта материалдары пайдаланылды. Ақаулардың негізгі себептері қысымға шыдамаған полиэтилен құбырлардың дәнекерленген жерінен (стык) ажырап кетуі, көру құдығының ішіндегі тозығы жеткен темір фасон бөліктері мен сервистік винтелдердің ақауынан болып отыр.

Бөлімшеге қарасты ауыз су жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарының кестесі бекітіледі. Осы жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына қаржылай көрсеткіші 966, 346 мың теңгені құрайтын шикізат-материалдар жұмсалып, бекітілген кестеге сәйкес кент, қала, ауылдық елді мекендер бойынша су тарату бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан 805 дана көру құдықтарының іші лайдан тазартылып, ішіндегі ашып-жабу арматураларына, өрт гидранттарына техникалық күтім жасалды. Әйтеке би кентіндегі бөлімшенің негізгі ауыз су нысаны болып табылатын №1 су көтеру бекетінде осы жылдың 3 қаңтар күні авариялық жағдай орын алып, резервуардан насос ғимаратына дейін жүргізілген д-720мм-лік темір су құбырының тозығы жетіп жарылып су кетуіне байланысты филиалдан қажетті материалдары жеткізіліп, ұзындығы 42 метр тозығы жеткен темір су құбырын толығымен ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Жыл сайын көктем-күз мезгілдерінде Қазалы ауданы №9 өрт сөндіру бөлімі тарапынан бөлімшеге қарасты өрт гидранттарының техникалық жағдайына тексеру жүргізіледі. Осы көктемгі мезгілдегі тексеру бойынша анықталған кемшіліктерді жою мақсатында көру құдығының жабын плитасы жылжып кеткен, стоягы қисайған, штоктың қырлары желінген, жолды асфальттау кезінде биіктігі төмендеген өрт сөндіру гидранттарының Әйтеке би кентінде 20 дана, Ақтан батыр ауылында 9 дана, Жанқожа батыр ауылында 8 данасының техникалық жарамдылығы қалпына келтірілді. Сондай-ақ кент, қала және ауылдық округ әкімдеріне асфальт астында көміліп қалған Әйтеке би кентінде- 29 дана, Қазалы қаласында-7 дана, Мұратбаев ауылында - 9 дана өрт гидранттары орналасқан көру құдықтарының бетін ашып, шойын қақпағын жол деңгейіне келтіруге ықпал жасау жөнінде хаттар жолданды.

2022 жылдың I жартыжылдығында қаржысы 150,0 мың теңгені құрайтын күрделі жөндеу жұмыстары атқарылып, Абай ауылы №14 су тарату бекетінде

магистралды су құбыры бойындағы көру құдығында д-150мм-лік 1 дана, Пірімов ауылы №5 су көтеру-тарату бекетінің көру құдығында д-150мм-лік 2 дана ашып-жабу арматуралары ауыстырылды.

Аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, 2022 жылдың 30 наурызы мен 8 сәуір аралығында барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырларына және су қоймаларына жоспарлы түрде көктемгі жуып-шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ қатар барлық насос стансаларының аумағында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, темір-бетон қоршауларын әктеу, темір қақпаларын сырлау және насос қондырғыларына, электр трансформаторларына техникалық күтім жасау жұмыстары жүргізілді.

Алдағы уақытта бөлімше бойынша жоспарланған жұмыстар өз дәрежесінде атқарылып, тұтынушыларды сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін тиісті жұмыстар жалғаса береді.

Шығып сөйлегендер:

Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің басшысы: - бөлімшенің 2022 жылдың I жартыжылдығында атқарған жұмыстарына жақсы деген баға беремін. Осы бөлімшенің әрбір өткізілген есепті тыңдауына қатысып келемін. Халыққа сапалы қызмет көрсетіп отырған бөлімше ұжымына ризашылығымды білдіремін.

Е.Мұхаш – «ҚЭТТК» АҚ-ның Қазалы аудандық электр торабының басшысы:- өз сөзінде қиындығы көп коммуналдық салада ауданымызда халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруде біршама игі істер атқарылып жатқандығын айта келе, алдағы уақытта бөлімшенің жұмысына сәттілік тіледі.

А.Тусипбекова – «Даулет-энерго» ЖШС-гі Қазалы филиалының директоры - бөлімше қызметкерлерінің тұтынушыларды тұрақты ауыз сумен қамтамасыз етудегі еңбектеріне табыс тіледі.


Тұрғындар атынан: Әйтеке би кенті Пірімов көшесі №48 үйдің тұрғыны Қалнияз Жұмабек, Сүлейменов көшесі №106 үйдің тұрғыны Бөлебай Болатбек, Көшербаев көшесі №20 үйдің тұрғыны Ибнажипова Шынар, Райымбек батыр көшесі № 17 үйдің тұрғыны Сүлейменов Нұрбол, Достық көшесі №28 үйдің тұрғыны Сапар Байдрахман тәулік бойы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етілгендіктерін тілге тиек етіп, 2022 жылдың I жартыжылдығында өндірістік бөлімшенің атқарған жұмыстарына алғыстарын білдірді.

Қорытынды:

Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I жартыжылдығында тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз етуде атқарылған жұмыстарға тыңдауға қатысушылар тарапынан «жақсы» деген баға берілді.


Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15⁰⁰-ден-17⁰⁰-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы



Қ.Жанжігітов

Хатшы:



Ж. Әбдібай

ХАТТАМА

Әйтеке би кенті

25 шілде 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2022 жылдың I-жартыжылдық қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : Тыңдаудың төрағасы: Қ.Жанжігітов – «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Т.Алданазаров – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қазалы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. С.Ахметова - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
- 3.Ә. Ахмет – Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің басшысы.
4. А.Тусипбекова – «Даулет-Энерго» ЖШС-гі Қазалы филиалының директоры.
5. Д.Алпысбаев – Әйтеке би кентінің әкімінің міндетін атқарушы.
6. Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің басшысы.
- 7.Е.Мұхаш – «ҚЭТТК" АҚ-ның Қазалы аудандық электр торабының басшысы.
8. М.Әбсұлтанов – Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мекемесінің басшысы
6. Н.Тусупбеков - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қазалы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
7. С.Орынбасарова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қазалы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісі.
- 8.Хатшы – А.Ұзақбай - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қазалы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

Тұрғындар: Әйтеке би кентінің тұрғындары – К.Токманбетов, А.Байжаханов, Г.Аяпова, Майлыбас елді-мекенінің тұрғыны Ж.Мамбетова, Көбек елді-мекенінің тұрғыны А.Спанов, Байқожа елді-мекенінің тұрғындары С.Шапехов, С.Есболсынов, М.Тәжімбетова. Әйтеке би кенті Пірімов көшесі №48 үйдің тұрғыны Қалнияз

Жұмабек, Сүлейменов көшесі №106 үйдің тұрғыны Бөлебай Болатбек, Көшербаев көшесі №20 үйдің тұрғыны Ибнажипова Шынар, Райымбек батыр көшесі № 17 үйдің тұрғыны Сүлейменов Нұрбол, Достық көшесі №28 үйдің тұрғыны Сапар Байдрахман және тағы басқалар

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалының Қазалы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі 2022 жылдың I-жартыжылдығына реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жартыжылдық есебі. (Баяндамашы – Т.Алданазаров– бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы - Қ. Жанжігітов есепті тыңдауды ашты.

Т.Алданазаров күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I-ші жарты жылдығында атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

Өндірістік бөлімшеде 36 жұмысшы қызметкер жұмыс жасайды. 2-дана авто көлік, 1-дана арнайы техника бар. 6 су - тарату бекеті бойынша 1 аға шебер, 2-инспектор-бақылаушы, 4 слесарь-жөндеуші, 1 дәнекерлеуші, 1 электромонтер, 1 автокөлік жүргізушісі және 19 машинист жұмыс жасайды. 5-дана су көтеру ұңғымасы мен 91 шақырым бас су құбырлары арқылы Әйтеке би кентіне қарасты 153 тұрғын үй мен 1036 адамға және 8 елді – мекен бойынша 321 үйде тұратын 1696 адамға, 17 бюджеттік және 35 шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де мекемелерге ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін көрсетеді. 2022 жылдың I-ші жарты жылдығында жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстары (ППР) бойынша шикізат материалдарға 362 359,96 тг қаражат жұмсалып, жоспарланған жоспардан 100 пайыздан 43%-ы игерілді.

2022 жылдың I-ші жарты жылдығында ауыз су тұтынушы тұрғындарға 20 029,5 м3 су берілді. Оның ішінде өндірістік бөлімше арқылы 12 681,5 м3, «АСТСҚ пайдаланушы» Қазалы өндірістік бөлімшесі арқылы 7 348 м3.

Өндірістік бөлімше арқылы және «АСТСҚ пайдаланушы» Қазалы ӨБ-і арқылы ауыз су тұтынушы мекемелерге таратылған су көлемі 71 284,080 текше метр. Оның ішінде оқшау су арқылы 14 814,080 текше метр таратылса, «АСТСҚ пайдаланушы» Қазалы ӨБ-і арқылы 56 470 м3 таратылып берілді. Қаражаты 25 992 314,090 теңге болса, жиналған қаражат 24 612 580,12 теңгені құрап, 95%-ға орындалды.

Жарты жылдық есеп бойынша «АСТСҚ пайдаланушы» Қазалы өндірістік бөлімшесіне қарасты №1 су көтеру-тарату бекетіне 131 038 текше метр ауыз берілді. Жоғарыда аталғандай «АСТСҚ пайдаланушы» Қазалы өндірістік бөлімшесіне қарасты №1 су көтеру-тарату бекеті арқылы жеке тұлғаларға 7 348 текше метр, заңды тұлғаларға 56 470 текше метр ауыз су көлемі таратылып, 2022 жылдың I-ші жарты жылдығында 67 220 м3 су артық беріліп отыр.

Қазалы аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының қызметкерлері және «АСТСҚ пайдаланушы» Қазалы ө.б. зертхана мамандары бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне және магистральды су құбырларына, су сақтау қоймаларымен су қыспақты мұнарасына көктемгі маусымға арналған кезекті жуу-шаю залалсыздандыру жұмыстары жүргізіліп, химиялық реагенттерге 130 000,00 тг қаражат жұмсалды. Барлық су тарату бекеттеріндегі технологиялық темір су құбырлары бойындағы орнатылған ашып-жабу реттегіш арматураларына және насос қондырғыларына уақытылы техникалық күтім жасалды. Байқожа елді-мекені №3 Майлыбас елді-мекені №4, Көбек елді-мекені №5 су көтеру-тарату бекеттерінің аула сыртындағы қоршаулары түзетіліп, әктеу жұмыстары жүргізіліп қалпына келтірілді. Ішкі су құбырында орнатылған 203 дана көру құдығының 133-данасы, магистральды су құбыры бойындағы 64 дана көру құдығының 38 данасы лай қоқыстарынан тазартылып, су тарату нысандары аумақтарында орнатылған көру құдықтарының беттері цемент раствороммен сыланып, барлық 32-дана өрт сөндіру гидранттарына уақытылы күтім жасау жұмыстары жүргізілді.

Бекітілген жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына (ППР) сәйкес насос станцияларының аула ішіндегі шөптерін шабу, күл-қоқыстан тазалау, құраған талдарын кесу және күл қоқыстардан тазарту жұмыстары жүргізілді.

2022 жылдың I-ші жарты жылдығы бойынша өндірістік бөлімше тенгеріміндегі барлық су жүйелерінде орын алған апаттық жағдайлардың жалпы саны-21. Магистральды су құбырында-6, ішкі су жүйелерінен-15 апаттық жағдай қалпына келтірілді. Ақаулар әсерінен су шығынының көлемі 315 м³.

Өндірістік бөлімшенің қолданысына берілген авто көліктердің қосалқы бөлшектеріне 271 000,00 теңге қаражат жұмсалып ТО-1, ТО-2, ТО-3 техникалық күндері кестеге сәйкес, уақытылы жүргізілді.

Жанар-жағар май шығынын азайту мақсатында автокөліктердің шамадан тыс жүруі қатаң қадағалануда. Жоспарлы жөндеу жұмыстарына және орын алған ақауды қалпына келтіру жұмыстарына – 1 723 943,60 теңге жанар-жағар май жұмсалды.

Электро энергия шығыны 2022 жылдың I-ші жарты жылдығы бойынша 232 157 кВт тұтынып, қаражат шығыны 5 208 117,27 теңгені құрап отыр. Сонымен қатар ғимарат ішіндегі және насос стансалары ауласында орнатылған жарықшамдарының ретсіз қосылмауы, ток көздері уақытылы ажыратылуы кезекші машинисттердің бақылауында.

Жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстары мен орын алған апаттық жағдайларды қалпына келтіруге қажетті арнайы киімдермен және құралдармен жабдықталған.

Шығып сөйлегендер:

Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің басшысы: - бөлімшенің 2022 жылдың I жартыжылдығында атқарған жұмыстарына жақсы деген баға беремін. Осы бөлімшенің әрбір өткізілген есепті

тындауына қатысып келемін. Халыққа сапалы қызмет көрсетіп отырған бөлімше ұжымына ризашылығымды білдіремін.

Е.Мұхаш – «ҚЭТТК» АҚ-ның Қазалы аудандық электр торабының басшысы:- өз сөзінде қиындығы көп коммуналдық салада ауданымызда халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруде біршама игі істер атқарылып жатқандығын айта келе, алдағы уақытта бөлімшенің жұмысына сәттілік тіледі.

А.Тусипбскова – «Даулет-энерго» ЖШС-гі Қазалы филиалының директоры - бөлімше қызметкерлерінің тұтынушыларды тұрақты ауыз сумен қамтамасыз етудегі еңбектеріне табыс тіледі.

Тұрғындар атынан: Әйтеке би кенті Пірімов көшесі №48 үйдің тұрғыны Қалнияз Жұмабек, Сүлейменов көшесі №106 үйдің тұрғыны Бөлебай Болатбек, Көшербаев көшесі №20 үйдің тұрғыны Ибнажипова Шынар, Райымбек батыр көшесі № 17 үйдің тұрғыны Сүлейменов Нұрбол, Достық көшесі №28 үйдің тұрғыны Сапар Байдрахман тәулік бойы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етілгендіктерін тілге тиек етіп, 2022 жылдың I жартыжылдығында өндірістік бөлімшенің атқарған жұмыстарына алғыстарын білдірді.

Қорытынды:

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I-жартыжылдық қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.


Есепті тындау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15³⁰дан-17⁰⁰ дейін.

Тындаудың төрағасы



Қ.Жанжігітов

Хатшы:



А.Ұзақбай

ХАТТАМА

Қармақшы ауданы

26 шілде 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2022 жылдың I-ші жарты жылдығы қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : Тыңдаудың төрағасы: Қ.Жанжігітов – «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Т. Қалиев – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. С.Ахметова - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. А. Досмұратов – Жосалы кентінің әкімінің орынбасары.
4. А.Пірманова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер - экономисті.
5. Ғ. Жарасов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісі.
6. Қ. Ақжігітов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер – механигі.
- 7.Хатшы - Ғ. Есжанова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

Тұрғындар: Қармақшы ауылының тұрғыны Токбаев Р, Дұрманова Б, Ақтөбе ауылының тұрғыны Д. Әлиева, Ақжар ауылының тұрғыны Тоқтамысов А, Тұрмағанбет ауылының тұрғыны Кетебаев Ж, Дұрманова Б, тағы басқалар.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі 2022 жылдың I-ші жарты жылдығының қорытындысы бойынша реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – Т. Қалиев– бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ.Жанжігітов тыңдауды ашты.

Т. Қалиев күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I-ші жарты жылдығында атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

- «Нұра топтық су құбыры», «Арал» СЖКБД филиалының «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2022 жылы 6 айда нақты өндірген ауыз су көлемі 121,875 мың м³ және таратылған ауыз су көлемі де 94,758 мың м³ құрайды.

Өндірістік бөлімшеге қарасты барлық елді – мекендерде 68 заңды тұлға және 8471 жеке тұлға тұтынушылары бар. Бекітілген жоспар нақты 100% орындалды және тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша көрсетілген қызметтен түскен қаржы:

- Жеке тұлға – 4,763 млн. теңге;
- Заңды тұлға – 1,334 млн. теңге.

Жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарының (эксплуатация, энергетика, механизация бөлімдері бойынша) орындалуы және орын алған апаттық жағдайлар, оған жұмсалған материалдардың қаражат көлемі.

2022 жылға бекітілген жоспарлы алдын – ала жөндеу жұмыстарына сәйкес 7 елді – мекен бойынша 20 данаға жуық d-150, d-100, d-80 мм ашып-жабу реттегіш арматураларына (задвижка) ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде орталықтандырылған ауыз су жүйесінің көру құдықтары мен насос станцияларындағы технологиялық құбырлар бойында орналасқан ашып – жабу реттегіш арматураларын (задвижка) майлау, сырлау, тот басқандарын тазалау, шіріп тозығы жеткен болт, гайкаларын ауыстыру секілді жұмыстар атқарылды. Филиал тарапынан 2022 жылы 2 дана d-50мм ашып-жабу реттегіш арматурасы берілді. Аталған задвижкалар Ақжар және Тұрмағамбет елді-мекендерінің I-су көтеру насос станцияларындағы технологиялық құбыр бойына орнатылды.

Бөлімшеге қарасты 7 елді – мекенде барлығы 12 дана ұңғыма және 4 дана II-ші су көтеру насос станциялары жұмыс жасап тұр.

Ақжар е.м № 3 ұңғымаға ЭЦВ6-10-80 насос агрегаты орнатылды.

Су айдау насостарының жұмыс жасау режимін тексеру айына 4 рет жүргізіледі.

Бекітілген жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына сәйкес насос станцияларының ауласындағы шөптерді шабу, күл-қоқыстан тазалау, құраған талдарды кесу жұмыстары жүргізілді.

Насос станцияларындағы ғимараттар мен ұңғыма павильондарының сылағы түскен жерлерін сылау, әктеу, есік – терезелерін сырлау, қымтау және күтім жасау жұмыстары жүргізілді. Филиалдан бөлінген шикізат-материалдар насос станциялары мен су жүйелеріндегі ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалды. 2022 жылы Қуаңдария, Алдашбай ахун, Ақтөбе және Қармақшы елді – мекендердің I-су көтеру насос станцияларындағы су көтеру мұнараларының шіріп, тозығы жетіп,

темірі жұқарған жерлерін дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді. Елді – мекендерінің су жүйелеріндегі d-1500-2000мм болатын көру құдықтарының үгітіліп, тозығы жетіп жарамсыз күйге жеткен КЦП қақпақтары арнайы техниканың көмегімен алынып, орнына жаңадан КЦП қақпақтары құйылып орнатылды. Атап айтқанда: Ақжар елді-мекенінің су жүйесіне – 2 дана, Қуаңдарияға – 1 дана, Көмекбаевқа – 1 дана.

Өздеріңізге белгілі, су жүйелерінде орын алған апаттық жағдайлардың бірден-бірі көру құдығында орналасқан өрт гидрантының тұғырының тозуы. (фасонная часть). 2022 жылы Қуаңдария, Ақтөбе, Тұрмағамбет және Ақжар елді мекендері бойынша 6 данаға жуық өрт гидрантының тұғыры жөнделді. Өрт гидрантын тұғырымен бірге көру құдығынан шығарып, шіріп, темірі жұқарып, тот басып тозығы жеткен тұғырларын стальной листпен дәнекерлеу, шіріген d-100мм, d-150мм, d-200мм құбырлары мен шіріген болт, гайкаларын ауыстыру жұмыстары өз деңгейінде жүргізілді.

Сонымен қатар, 2022 жылы өз күшімізбен жасалған күрделі жөндеу жұмыстары мен жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстары және орын алған апаттық жағдайларды қалпына келтіру үшін жасалған жылдық есептерінің барлығы филиалға уақытылы өткізілді.

Жалпы жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстары мен апаттық жағдайларға жұмсалған және күрделі жөндеу жұмыстары арқылы орнатылған ашып-жабу реттегіш арматуралары мен кері қайтарма клапандарға жұмсалған шикізат-материалдардың шығыны төмендегідей:

Жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына – 236,342 мың теңге;

Апаттық жағдай – 852,657 мың теңге;

Күрделі жөндеу жұмыстары – 91,9 мың теңге.

Бекітілген жоспар 68,2 пайызға орындалды.

Елді – мекендердің орталықтандырылған ауыз су жүйесін насос станцияларындағы таза су қоймалары мен су көтеру мұнаралары арқылы жоспарлы жуу, шаю-залалсыздандыру жұмыстары көктем және күз мезгілдерінде өз деңгейінде жүргізілді. Залалсыздандыру жұмыстарынан кейін және ай сайын «Ұлттық сараптама орталығы» мамандары су сынамаларын алып, тиісті хаттамалары жасалып, филиалдың «Су нысандарын пайдалану» бөліміне тапсырылуда. 2022 жылыдың 6 айында гипохлорид кальция ұнтағына (хлор) кеткен қаржы – 156,0 мың теңгені құрап отыр.

Су сапасы, судың сапасын анықтау үшін жасалған анализдер саны. Сапа көрсеткіштерінің мемлекеттік стандартқа сай келуі.

Кармақшы аудандық ұлттық сараптама орталығымен 2022 жылыдың 6 айында бөлімшеге қарасты елді мекендердің су жүйелерінен және I-II су көтеру насос станцияларынан 120 ға жуық сынама алынып, тиісті хаттамалары әзірленіп филиалдың «Су нысандарын пайдалану» бөліміне ай сайын тапсырылуда.

Тұтынушыларды 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету үшін атқарылған шаралар.

Халықты 24 сағат үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында өндірістік бөлімшенің 2 авриялық бригадасы, шеберлер, слесарь-жөндеушілер, насос станция машинисттері су жүйелерінде орын алған апаттық жағдайларды арнайы техникалардың көмегімен және өз күшімен дер кезінде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізе отырып, жыл басында бекітілген Жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарының кестесіне сәйкес ашып-жабу реттегіш арматураларына, кері қайтарма клапандарға, су көтеру мұнараларына, насос агрегаттарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын өз деңгейінде жүргізді.

Өндірістік бөлімше бойынша жұмсалған электр тауарлары мен электр қондырғыларының есебі және электр энергиясының шығыны туралы мәліметтер беру, электр энергиясын үнемдеу мақсатында атқарылған және атқарылатын іс – шаралар.

Бөлімшеге қарасты насос станцияларға 6 айда 119,6 мың теңге көлемінде электр тауарлары жұмсалды. Оның ішінде: кабель, провод, контактор, тепловое реле, автоматты ажыратқыштар т.б электр тауарлары.

2022 жылға Электр энергиясын пайдалану үшін бекітілген қаржысы 6 634,8 мың теңге болатын. Барлық насос станциялары мен өндірістік бөлімшенің базасының 6 айында пайдаланған электр энергиясының қаржысы 3 295,4 мың теңгені құрайды және пайыздық көрсеткіші 50,3% құрайды.

Өндірістік бөлімшедегі авто және арнайы техниканың және насос станцияларында орналасқан дизельді электр стансаларының техникалық жағдайы туралы мәлімет.

Өндірістік бөлімшеде жұмыс жасап тұрған барлығы 6 дана арнайы техника мен жеңіл автокөліктер бар. 2022 жылдың 6 айында арнайы техникалар мен автокөліктерге техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстары ТО-1, ТО-2, ТО-3 техникалық күтімдерін жасау негізделген кестелерге сәйкес жасалып, орталық қоймадан бөлінген қосалқы бөлшектер мен май сүзгіш фильтрлері және қою май мен салқындатқыш сұйықтықтары жеткізіліп, техникалық күтім толығымен орындалды. Жалпы жанар-жағар майға кеткен шығын - 1 099,4 мың теңге.

Күнделікті атқарылған жұмыстар мен жұмсалған жанар-жағар майы жазылып, жауапты тұлға қол қойып, жүрілген шақырымының өлшемі спидометр бойынша алынып есептелінеді.

Қазіргі таңда, Қуандария елді-мекенінің II су көтеру насос станциясындағы дизельді электр станциясына қосалқы бөлшектерді қажет етеді, атап айтқанда: (радиатор, стартер). Орталық филиалға қосалқы бөлшектеріне сұраныс берілді, бөлінген жағдайда оталдырып, іске қосу жұмыстары жүргізіледі.

Әкімшілік ғимараттағы, қойма, гараж, насос станциясындағы өрт қауіпсіздігі, санитарлық талаптарының сақталуы, жұмыс орнындағы нұсқаулықтарды тіркеу журналының толтырылуы (өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі журналы) жөніндегі атқарған жұмыстар. Жұмысшыларға жыл басынан берілген арнайы киімдердің есебі және қажеттілігі.

Барлық насос станциялар мен әкімшілік ғимаратта санитарлық талаптар сақталуда. Насос станцияларының ішін күнделікті тазалау, хлор қоспасымен едендерін жуу, технологиялық құбырларды, ашып-жабу реттегіш арматураларын сүртіп, таза ұстап пайдалану жұмыстары жүргізілуде. Аула ішіндегі шөптер шабылып, сыртқа шығарылды.

Жұмыс орнындағы және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтары уақытылы жүргізіліп, журналға қызметкерлердің қолдары қойылып, жалпы еңбек қауіпсіздігіне байланысты инструктаж жүргізілуде.

Шығып сөйлегендер:


«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ.Жанжігітов 2022 жылдың I-ші жарты жылдығында атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын көріп отырғанын және атқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.

Қорытынды:

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармакшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I-ші жарты жылдығының қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10⁰⁰ден-12⁰⁰-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы:



Қ.Жанжігітов

Хатшы:



Ғ. Есжанова

ХАТТАМА

Жосалы кенті

26 шілде 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалы Октябрь топтық су құбыры өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I жарты жылдығында ауыз су тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: Қ.Жанжігітов – «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Октябрь топтық су құбыры өндірістік бөлімшесінің басшысы - Ә.Қаршыға
2. ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы- С. Ахметова
3. Өндірістік бөлімше басшысының орынбасары С.Қабақов
4. Өндірістік бөлімше инженер- энергетигі Н. Қыстаубаев
5. Өндірістік бөлімше аға шебері Б.Абишев, аға шебер Ж. Кирбаев
6. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімше қызметін пайдаланатын тұтынушылар және көше комитеттері.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

Жиналыс төрағасы Қ. Жанжігітов: «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың 6 айында атқарған қызметтеріне есеп беру жиналысы ашық деп жариялансын. Баяндама жасауға сөз кезегі өндірістік бөлімше басшысы Қаршыға Әділетке беріледі.

Өндірістік бөлімше басшысы Ә. Қаршыға: «Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалының «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі 2005 құрылып, қазіргі таңда 93 қызметкер жұмыс жасайды, 10 дана техника, III- Интернационал елді мекенінде 5 ұңғыма, 9 насос станция, 4 елді мекен және 1 кент бойынша 4794 абонентке, 56 бюджеттік және 112 шаруашылық қызмет жүргізетін өзге мекемелерге ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

III- Интернационал елді мекенінде орналасқан 5 ұнғымадан су өндіріліп, III- Интернационал елді мекенінде 472 абонент, Дүр Онғар елді мекенінде 410 абонент, Иіркөл елді мекенінде 110 абонент, Төребай би елді мекенінде 88 абонент және аудан орталығы Жосалы кентінде 3714 абонентке барлығы-4794 абонентке тұрақты түрде таза ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін атқарады.

«Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесімен 2022 жылдың 6 айында заңды және жеке тұлға тұтынушыларға – 297,929 мың. текше метр су таратылды.

Өндірістік бөлімше бойынша жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстары бойынша III- Интернационал II- су көтеру насос станциясына 1 дана К100-65-200, Иіркөл III- су көтеру насос станциясының технологиялық құбыры ауыстырылды, су қоймасының обваловкасы қалыпқа келтірілді.

Иіркөл елді мекені №7 және Төребай би елді мекені №8 насос станцияларына тұрғындарды тұрақты түрде ауыз сумен қамтамасыз ету үшін ЭКМ (электроконтактный манометр) қондырғылары орнатылды.

2022 жылдың 6 айында ішкі су жүйесінде – 97 авария, магистралды су құбырында – 5 авариялық жағдай орын алып барлығы қалыпқа келтірілді.

2022 жылдың сәуір айында жоспарлы түрде барлық су қоймаларына, магистралды су құбырымен ішкі су жүйесіне жуу- шаю залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

Халықтың санитариялық – эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету үшін жыл сайын «Ұлттық сараптама орталығы» РМК Қармақшы аудандық бөлімшесімен келісім шарт жасалып, ауыз су сапасына өндірістік бақылау жүйелі түрде жүргізілуде.

Жосалы кентінің тұрғыны Н. Амантаев:


Мен, Жосалы кенті Мөлтек 2 ықшам ауданында тұрамын ауыз сумен электр жарығы қиындық туғызуда. Ауыз су мәселесі қашан шешілетінін айта кетсеңіз

Ө. Қаршыға: Мөлтек, Тәуелсіздік ықшам аудандарының ауыз су жүйесіне аудан әкімінің орынбасары Б. Далабаевтың сол аудандардың тұрғындарымен кездесу барысында осы жылдың қыркүйек айына дейін жобалық- сметалық құжаттамалары дайындалатынын айтқан болатын. Жобалық- сметалық құжаттамалары дайын болғаннан кейін қаржы сұратуға толық мүмкіндік туады.

Жиналыс төрағасы Қ. Жанжігітов: «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі бастығының 2022 жылдың 6 айында атқарған жұмыстарының есебі тыңдалды, жиналысқа жиналған қауым атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берді. Жиналыс осымен жабық деп жариялансын.

Жиналыс төрағасы :

Хатшы:



Қ. Жанжігітов

С. Қазбек

Х А Т Т А М А

Төретам кенті

25 шілде 2022 жыл.

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2022 жылдың I-ші жарты жылдық нәтижесі бойынша өткізілген есепті тындауы.

Тындаудың төрағасы : Қ. Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тындауға қатысушылар:

1. Ж.Басбаев - Өндірістік бөлімше басшысы.
 2. С.Ахметова - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
 3. Д.Шакеева - Төретам кенті әкімінің орынбасары.
 4. Ш.Анарбеков - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
 5. Г.Суюбаева - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісінің уақытша міндетін атқарушы.
 6. Е.Қаражанов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің диспетчері.
 7. А.Тұрсынбаев - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
 8. Г.Телжанова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі
- Тұрғындар: Төретам кентінің тұрғыны С.Аралбаев, Қ.Нагиметов және Ақай ауылының тұрғындары Ж.Алпысов, Ж.Айпейісов, К.Ниязымбетов.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

«Төретам кенті және Ақай ауылдық округін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I-ші жарты жылдық атқарылған жалпы қызметтері мен жұмыстары»

«Арал» СЖКБД филиалы Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі 2018 жылы құрылып, қазіргі күнге дейін екі елді мекенді тұрақты түрде 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз етіп келеді.

Төретам кенті және Ақай елді мекендері бойынша **83** заңды тұлға, **19** бюджеттік мекеме бар. Жеке тұлғалар бойынша жалпы **2942** абонент оның ішінде Төретам кенті бойынша халық саны -11866 адам, 1752 абонент, Ақай ауылы бойынша 5686 адам-1190 абонентті құрайды.

2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2021 жылдың 04 тамызындағы №18-НҚ Бұйрығы негізінде бекітілген суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне 1 текше метрге 364,63 теңге ҚҚС-мен мөлшерінде уақытша өтемдік тариф қолданысқа енгізілгенін хабарлады. 1 текше метр ауыз судың бағасы -30 теңгені, ал ауыз су өлшегіш құралынсыз 1 текше метр судың бағасы -40 теңгені құрайды.

2022 жылға Байқоңыр қаласы ГУППЭО «Байконур энерго» мекемесімен 451 мың текше метр ауыз су алуға келісім шарт жасалған. 6 айдағы таратылған су көлемі 224,087 мың м³.

Бюджеттік және өзгеде мекемелерге -17,580 мың м³
Елді-мекендерге- 206,507 мың м³

Бөлімшеге қарасты 24 қызметкер, 5 техника 2 насос станциясы халыққа 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс жасап келеді. Жыл басынан бері ауыз су құбыры бойынан 18 апатты жағдай орын алып, барлығы тез арада қалпына келтірілді. Көпшілігі су құбырының бір-біріне дәнекерленген жерлерінен және көру құдық ішіндегі абоненттердің вентильдерінің және көру құдық ішіндегі фасон бөліктерінің тозуынан орын алуда.

Төретам кенті бойынша аудандық құрылыс бөлімінің тапсыруымен «Дәнекер» мердігер компаниясы арқылы 6 көшеге жаңадан ұзындығы 6 шақырымды құрайтын ауыз су құбыры жүргізілді. Жаңадан жүргізілген ауыз су құбыры бойындағы абоненттер су есептегіш құралын тіркеу арқылы су құбырына қосылып, қазіргі таңда 129 абонент қосылып отыр.

Одан өзге Төретам кенті және Ақай елді мекені бойынша күрделі жөндеу жұмыстарымен 1 дана д-150мм және 2 дана д-100мм ашып-жабу реттегіш арматуралары орнатылды. 9 ашып-жабу арматураларына, 17 дана өрт сөндіру гидранттарына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Насос станциясы ішіндегі насос қондырғылары мен ашып-жабу арматураларды сырлау, майлау, тозығы жеткен болт гайкаларын ауыстыру жұмыстары жоспарлы түрде орындалып келеді. Су қоймаларындағы қалдық сулар сыртқа төгіліп, іші дезинфекцияланды. Төретам кенті және Ақай елді мекені ішкі су жүйесі бойына орнатылған көру құдықтарының көміліп

қалғандарын ашып, жер ызасымен төмен түсіп кеткен темір-бетонды қақпақтарын алып астына кірпіш өру арқылы биіктету және қымтап жабу жұмыстары жүргізілді. Төретап кенті және Ақай ауылы бойынша асфальт төселген көшелердің бойындағы көру құдықтарына әлі күнге дейін ретімен листтен қақпақ орнатылып келеді. Жыл басынан бері қазіргі күнге дейін көру құдық ішіне орнатылған әр түрлі диаметрдегі 7 фасон бөлігі ауысып, алдағы уақытта 11 фасон бөлігін ауыстыру жоспарға қойылған.

Сонымен қатар Төретап және Ақай елді мекендеріне бекітілген жоспарлы жұмыстар: Төретап кенті және Ақай ауылы бойынша су құбыры бойындағы көру құдықтарын тазартып, қымтап жабу, магистральды су құбырына уақытылы дезинфекция жасау, ашып-жабу арматуралары мен өрт сөндіру гидранттарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу және ең маңыздысы халықты тәулігіне 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету.

Шығып сөйлегендер:

Төретап кенті ақсақалдар алқасының төрағасы С.Аралбаев: - Бүгінгі өндірістік бөлімше басшысы Ж.Басбаевтың жылдық есебіне «өте жақсы» деген баға береміз. Ұжымның ауызбіршілігінің арқасында біраз жұмыстар атқарылды. Бұрынғы жағдаймен салыстырғанда және басқа облыс аумақтарын көргенде шүкіршілік дейміз. Суымыз 24 сағат ағып тұр, апаттық орын алған жағдайда жұмысшылардың демалыс, күн-түн демей жұмыс жасап жүрген жұмысшыларға алғысымыз шексіз. Халықтың игілігі жолында жұмыс жасап жүрген ұжымға оң бағасын бере отырып, алдағы атқарылатын жұмыстарыңызға табыс тілейміз. Рахмет!

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ. Жанжігітов – 2022 жылдың I-жарты жылдығында атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын көріп отырмыз. Атқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.

Қорытынды.

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының Төретап кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I-ші жарты жылдық бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «өте жақсы» деген баға берілді.


Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15.00-ден 17.00-ға дейін.

Тыңдаудың төрағасы:



Қ. Жанжігітов

Хатшы:



Г.Телжанова

ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ

Жалағаш кенті

27 шілде 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Жалағаш ауданының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2022 жылдың I-жартыжылдық қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : Қ.Жанжігітов – «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. М.Елеусинов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. С.Ахметова - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. М.Жамалатов – Жалағаш кентінің әкімі.
4. С.Сығайбаев - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі бастығының орынбасары.
5. Л.Молыбаева - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісі.
6. Н.Кулумбаев - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
- 7.Хатшы – Б.Берікбай - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің диспетчері.

Тұрғындар: Жалағаш кентінің тұрғындары Е.Есжанов, Е.Каримов, А.Ахметова, А.Аманбаев, Н.Пазылбеков, және тағы басқалар.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі 2022 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы I-ші жартыжылдық есебі. (Баяндамашы – М.Елеусинов– бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ.Жанжігітов тыңдауды ашты.

М.Елеусинов күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың І-ші жартыжылдығында атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер

М.Елеусинов - «Жалағаш ауданының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі бастығы.

Қазіргі таңда, бөлімше тарапынан атқарылған жұмыстар нәтижесінде, аудан бойынша ауыз су тұтынушыларына 24 сағат үздіксіз су берілуде.

«Жалағаш өндірістік бөлімшесі» арқылы 2022 жылдың І-ші жартыжылдығында жалпы таратылған су көлемі **407,781 мың м3** құрап отыр.

Сол себептен, құрметті аудан тұрғындары, ауыз су жүйесін үнемдеп пайдалану мақсатында құрылыс жұмыстары мен бау бақша жұмыстарына пайдалану болмайтындығын, тек тұрмыстық мақсатқа пайдалану кезеттілігін естеріңізге саламын. Жыл өткен сайын ауыз су жетіспеушілігі өте қатты сезілуде, дегенмен биылға жақсы жаңалықтың бірі “Актерек” насос стансасының салынуы болып отыр. Аудандық құрылыс бөлімінің қаржыландыруымен, кенттің батыс бетінен 600 м3-тан 2 дана 1200 м3 су қоймасы бар насос стансасы жыл аяғына дейін пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Ауыз суды үнемдеу мақсатында нормадан тыс пайдаланған тұтынушыларға толық тарифпен төлем жүргізу тәртібі бекітілді. Қазіргі таңда, ауыз су тұтыншыуы әр адамның 1 айлық нормасы 4,3 м3 болып табылады. Сол себептен, ауыз суды бау-бақша және т.б мақсаттарға пайдаланбай тек ауыз су ретінде қабылдауларыңызды сұраймын.

Қазіргі таңда, тағы да жыл сайын айтыла беретін мәселе су есептегіш құралын орнату жұмыстары. Жалағаш ауданы бойынша ауыз су тұтынушыларының есептегіш құралысыз ауыз су пайдалануда. Су есептегіш құралы болмағандықтан ауыз суды есепсіз пайдалану жағдайлары көптеп орын алатыны белгілі. Бөлімше тарапынан су есептегіш құралын орнату жұмыстары ұдайы жүргізілгенмен, тұрғындар тарапынан қолдау болмағандықтан, толық орындалмай отыр.

2022 жылдың І-ші жартыжылдық жұмыстары есебінде апаттық жағдайларды қалпына келтіру және алдын ала-жөндеу жұмыстарына, орталықтан қоймадан 1 116,274 мың теңгенің материалдары бөлініп, толық игерілді.

Орталықтан автокран бөлініп, 6 елді мекеннің ауыз су мұнаралары сырланды.

Сөз алғандар:

А.Ахметова Жалағаш кентінің тұрғыны Жаза мезгілінде су ағу уақыты азайып су қысымы неге төмен болатынын сұрады.

М.Елеусинов Жаз мезгілінде аз болуы себебі кент ішінде аяқ су шешімін таппауына байланысты көптеген тұрғындар ауыз су құбыры арқылы есік алдындағы бау бакшаларын суаруда сондықтан көшенің соңғы жағында қысым азайып су ақпай қалатынын айтып түсіндірді.

Шығып сөйлегендер:

Қ.Жанжігітов – «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

2022 жылдың I-ші жартыжылдығында атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын және алдағы уақытта да жасалатын тиісті жұмыстар бар екендігін айта келе табыс тіледі.



Қорытынды:

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I-ші жартыжылдығындағы қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен камтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15⁰⁰ден-17⁰⁰-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы:

Хатшы:

Қ.Жанжігітов

Б.Берікбай

Х А Т Т А М А

Тереңөзек кенті

27 шілде 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында ауыз суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2022 жылдың I-ші жарты жылдығының қорытындысы бойынша есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: Қ.Жанжігітов – «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Е.Дузимбетов- «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
 2. С.Ахметова - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
 5. Б.Ильясов Аудандық қоғамдық ұйымының төрағасы.
 6. А.Ибрагимұлы Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің тілшісі.
 7. А.Төлеуова Тереңөзек кент еңбек ардагері.
 8. Кент ардагерлер кеңесінің төрағасы -З.Жүсіпбаев
 9. Тереңөзек кентінің тұрғындары. - Г.Құлмағанбетова А.Байдалейов Ж.Абсадықов А.Сыздыкова
 10. Хатшысы: А.Жайлаубаева - «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі.
- Тұрғындар: Тернезек кенті тұрғындары- Қ.Бегарыстанов, А.Әбсадықов, Д.Сыздықов, А.Ыбыраймов, Д.Туганбаев, Қ.Жақсылықов, Н.Қадыров Е.Есетов, М.Дүйсеков, Н.Әзизов, Б.Қиянбеков, және тағы басқалары

Күн тәртібінде:

Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің пайдаланушы өндірістік бөлімшесі ауыз су пайдаланушылар алдында су құбыры арқылы су тарату қызметінің 2022 жылдың I-ші жарты жылдығының есебін беру. Бөлімше басшысы Е.Дузимбетов баяндама жасады.

Абонент бөлімнің атқарылған жұмыстары.

Сырдария өндірістік бөлімшесі 2022 жылдың І-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша 423,588 мың м³ ауыз су тұтынушыларға таратылды.

Жалпы аудан бойынша ауыз су тұтынушылар саны, жеке тұлғалар саны 7 406 абонент, онын ішінде 6 610 абонент су есептегіш құралы орнатылған, 796 абонент су есептегіш құралысыз. Тереңөзек – 463, Шаған – 262, Шіркейлі – 71 абонент су есептегіш құралысыз. Жыл басынан бері 19 абонент қосылып, 157 абонентке су есептегіш құралы орнатылған, 476 абоненттің су есептегіш құралы ауысты.

Бюджеттік – мекеме саны 83 занды тұлғалар саны – 47 мекеме.

Кәріз су саласы бойынша 2022 жылдың І-ші жарты жылдық жоспарына сәйкес халыққа 8,150 мың м³ мекемелерге 7,008 мың м³ таратылуы қаралса, нақты орындалғаны халыққа 10,883 мың м³ мекемелерге 14,619 мың м³ өзге мекемеге 90 мың м³ құрады.

Кәріз саласы бойынша тұтынушылар саны; жеке тұлғалар – 312 абонент, занды тұлғалар - 14 мекеме.

Өзге қызметтерден түскен қаражат – 415 452 теңгені құрап тұр.

Су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімі

Тереңөзек кентінде орналасқан кәріз жүйесінің № 1,2,3,4,5 кәріз су айдап тұрған двигателдердің орамдары күйіп қалаға жөндеуге жіберілді. 2 дана 11 квт, 1 дана -7,5 квт; 1 дана-30квт; 1 дана 37 квт орамдар оралып, жөндеуден келді. № 5 кәріз жүйесінде № 90 КТПН-160 кВА трансформаторы күйіп істен шықты. Ақауды орнына келтіру үшін жаңадан-100 кВА трансформатор салынды. Тереңөзек кентінде 2015 жылдан бері жұмыс жасап келіп жатқан кәріз жүйесінде СМ насостарының тозығы жетіп, 2020 жылы орталық қоймадан 5 дана СМ насостары беріліп, қазіргі таңда №2,3,5 кәріз жүйесінде насостары ауыстырылып, қалған СМ насостары 2022 жылдың көктем айында орнатылды. 2022 жылдың І-ші тоқсанында-192 апаттық жағдай тіркеліп, оның 28 данасы кәріз жүйесіне қатысты.

АВАРИЯ

1. Прорыв (сым, скоч, резина) – 72 дана
2. Башня (сварка) – 59 дана
3. Фасон замена (сварка) – 39 дана
4. ЭЦВ – 3 дана жаңасы, 8 дана (б/у) ремонтный салынды

Тереңөзек кенті және Шаған, Қоғалыкөл, Аманкелді елді мекендердегі күрделі жөндеуден өтетін ауыз су құбырлары мен көру құдықтарына сызба жұмыстары дайындалып техникалық шарттары алынды.

Энергетика

Б.Момышұлы көшесінде орналасқан №5 сумен жабдықтау жүйесіне ВЛ-10кВ әуе желісін жылдың басында орнату жұмыстары жүргізілді. Қалжан-Ахун ауылында орналасқан сумен жабдықтау жүйесінде №1 ұңғыманың жер асты кабелі қысқа тұйықталу салдарынан жарамсыз болып табылып, орына жаңадан СИП 4*16 кабелі орнатылды және ДЭС КТПН қосалқы станцияларын тазалау, ішкі және сыртқы жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Тереңөзек кентінде орналасқан өндірістік бөлімшеге қарасты кәріз жүйелерінде басқару қорапшасында ескі істен шыққан электр қондырғыларын алып тастап кабелдерін ретке келтіріп және двигательдерді тексеру тазалау жұмыстары жүргізілді. А.Тоқмағанбетов және Шаған елді мекендерде орналасқан сумен жабдықтау жүйелерінде су жинау қоймасы ЭКМ монометр іске қосылып, қазіргі таңда халыққа екінші су көтеру станциясы арқылы берілуде. Сырдария ауданына қарасты елді мекендерді сумен жабдықтау жүйелеріндегі ұңғыманың электр қондырғылары істен шыққан жағдайда тез арада қалыпқа келтіру жұмыстары жүргізіледі. Тереңөзек кентінде өндірістік бөлімшеге қарасты - КТПН10/0,4кВ қосалқы трансформаторлардың есіктерін майлау және дәнекерлеу қарқынды жұмыстары жүргізілуде. Айдарлы, Жетікөл, Амангелді, Бесарық, Қоғалыкөл ауылдарында сумен жабдықтау жүйесінде ішкі және сыртқы жарықтандыру және техникалық ақауларды дер кезінде іске қосу жұмыстары жүргізілді.

Техника қауіпсіздігі

2022 жылы өрт қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздік бойынша 204-өрт гидранттары тексерілді.

Санитарлық тазалық жөнінде барлық насос станцияларының машинистері санитарлық тексеруден өтті. Насос станциясының ауалары әктеліп сырланды, арам шөптер орылды.

Шығып сөйлегендер:

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ.Жанжігітов 2022 жылдың I-ші жарты жылдығында атқарылған есепті тындауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын көріп отырғанын және атқарылған жұмыстарға он бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.

Қорытынды:

«Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I-ші жарты жылдығында тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.

Есепті тындау жабық деп жарияланады. Өткізілген уақыты - сағат 15:00-ден 17:00-ге дейін.

Тындаудың төрағасы:



Қ.Жанжігітов

Хатшы:



А.Жайлаубаева

ХАТТАМА

Жаңақорған кенті

28 шілде 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жаңақорған» өндірістік бөлімшесінің су құбыры арқылы ауыз су жеткізу қызметін тұтынушыларға 2022 жылдың I-жарты жылдық есепті тындауы.

Тындаудың төрағасы : Қ.Жанжигитов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы су шаруашылық нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тындауға қатысушылар:

1. С.Ахметова - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. Ғ.Шерниязов – «Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесі басшысы.
3. Ә.Ибрагимов – Жаңақорған кенті әкімі.
4. Қ.Сапарбаев - «Аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы.
6. Н.Ақбергенов - Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
7. Қ.Ыбырайым – Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің шебері.
8. Хатшы- М.Қалтай инженер-технолог.

Тұрғындар: Алтынсарин көшесі тұрғыны О.Жумабеков, А.Құнанбаев көшесінің тұрғыны А.Дүйсенова. Екпінді е.м тұрғыны А.Дайрабаев, Еңбек е/м тұрғыны М.Кенжебаев.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Жаңақорған өндірістік бөлімшесі 2022 жылдың I-жарты жылдығында көрсетілген қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есебі.

(Баяндамашы – Ғ.Шерниязов - бөлімше басшысы.)

«Нұра топтық су құбыры» РМК шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесінде 11-насос станциясы,

10 дана техника, 84 жұмысшы қызметкер, 8 дана су қыспақты мұнарасы, 59,85 шақырым бас су құбырлары, 352,468 шақырым ішкі су тарату құбырлары жұмыс жасайды. Бөлімше Жаңақорған кенті және 7 елді мекен бойынша 5 826 үйде тұратын 29 124 адамға, 47 бюджеттік және 103 заңды мекемелерге ауыз су тарту қызметін көрсетеді.

2022 жылдың жарты жылдығы бойынша Жиделі бас тоғанынан 379, 027 мың текше метр су таратылды. Барлығы 99 авариялық жұмыстар орын алды, оның 69 кент ішіндегі су құбыр жүйелерінде, 24 авариялық жұмыс елді мекендерде, 6 авариялық жұмыс магистралды су жүйелерінде.

Жыл басынан бері Жаңақорған кентіндегі атап айтқанда: Сығынақ, А.Құнанбаев, Байкенжеев, С.Ахметов, А.Аюпов көшелері бойынша барлығы 7,572 шықырым д-160мм ескі су құбырлары ажыратылып тұрғындар жаңа су жүйесіне қосылды. Одан бөлек №2 «Құмсахаба» насос станциясына 2 дана 75 кВт болатын насос қондырғылары орнатылды және №3 «КТУ» насос станциясының 2 ұңғымасындағы ЭЦВ насос қондырғылары ауыстырылып ұңғымадан шығатын су құбырларын жаңа су жүйесіне қосу арқылы «КТУ» насос станциясынан су ішетін көшелер санын көбейту жұмыстары жүргізілді. Жанпейсов көшесіндегі тұрғын үйлерге суды толық жеткізу мақсатында Мұсаханов көшесінен қосу (вреска) жұмыстары жүргізілді. Жаңақорған кенті ішкі су жүйелеріндегі 25 дана беткі қақпақтары жоқ көру құдықтарының беті темір листпен жабу жұмыстары атқарылды. Кент ішіндегі көшелерде көктемгі жауын салдарынан су құбырларының ойылған жерлеріне 100 м³ ГПС тас төсеу жұмыстары жүргізілді. Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы автомобиль жолдары бөлімінің тарапына былтырғы жылдан аяқталмай қалған сервистік жұмыстар қайта жалғасып жатыр.

Қазіргі таңда Жиделі бас су тоғанынан Жаңақорған кентіне тәулігіне 4700-4800 текше метр ауыз су қабылданып, КТУ скважиналарынан тәулігіне 1800-2000 текше метр ауыз су өндіріліп, барлығы тәулігіне 6500-6800 текше метр ауыз су таратылуда. Насос станциялары 24 сағат жұмыс жасауда. Алайда кент орталығында аяқ су мәселесі шешілмегендіктен тұтынушылар ауыз суды аяқ су ретінде вакуумды насостар арқылы пайдалануда. Бұл жағдай өз кезегінде құбыр бойындағы су қысымын едәуір төмендетеді, салдарынан кейбір көшелердің аяқ жағында орналасқан 10-15 үй тұрғындарына ауыз су жетіспеу жағдайлары орын алуда. Күштік насостармен жұмыс жасауға бас тоғаннан қабылданып жатқан ауыз су көлемі жетіспейді. Себебі магистралды су құбырының д-315-280мм көлеміне қарай су өткізу қабілетілігі төмен. Осы орайда Жиделі бас су тоғанынан екінші магистралды су құбырын тарту қажеттілігі туындауда. Жалпы кент орталығында ауыз су пайдаланып отырған адам саны 19876, тұтынушы саны 4011. Бекітілген ауыз су пайдалану нормасы бір адамға тәулігіне 140 литр, яғни 19876 адам тәулігіне 140 литрден ауыз су пайдаланғанда 2783 текше метр, ал мекемелер бойынша орта есеппен алғанда тәулігіне 250 текше метр пайдаланғанда барлығы 3033 текше метр

болады. Яғни қазіргі таңда таратылып отырған ауыз су көлемі нормативке сәйкес пайдаланылса жеткілікті. Қыс айларында тәулігінде 2500-3000 текше метр ауыз су таратылады.

Елді мекендер бойынша Сүттіқұдық, Қожамберді ауылдарында 24 сағат су мұнарасы арқылы ауыз су таратылуда. Бірақ толыққанды қысыммен ауыз су таратуға ПХВ құбырлары қысымды көтермеуде. Алдағы уақытта аудандық құрылыс бөлімінің елді мекендердің ауыз су құбырларын жаңғырту және кеңейту бағдарламасы аясында құрылыс жұмыстары күтілуде. Екпінді, Еңбек елді мекендері 24 сағат су мұнарасы арқылы ауыз су таратуда. Алайда осы уақытта жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары аяқталған жоқ. Жайылма елді мекені 24 сағат су мұнарасы арқылы ауыз су таратуда. Алдағы уақытта жаңғырту, кеңейту бағдарламасы аясында құрылыс жұмыстары күтілуде. Сунақата, Төменарық ауылдарында жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарының аяқталмауына байланысты Сунақата ауылында 10 сағат ауыз су таратылуда. Төменарық елді мекенінде 6 сағат ауыз су таратылуда себебі, құрылыс жұмыстарының аяқталмауы және ауыз су көлемінің жетіспеушілігі. Төменарық елді мекеніне тартылған магистралды су құбырының д-160-110мм көлеміне қарай су өткізу қабілеттілігі төмен. Үлкен диаметрлі құбырға ауыстыруды қажет етеді.

Қорыта келе өндірістік бөлімше бойынша 2022 жылдың жарты жылдығында атқарылғын және алдығы уақытта атқарылатын жұмыстар баяндалды. Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстар сапалы түрде жалғаса береді. Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет.

Сөз алғандар:

- Алтынсарин көшесі тұрғыны О.Жумабеков. Жаз мезгілінде су ағу уақыты азайып су қысымы неге төмен болатынын сұрады.

- Ғ.Шерниязов – Жаз мезгілінде су қысымы аз болу себебі кент ішінде аяқ су мәселесі шешімін таппауына байланысты көптеген тұрғындар ауыз су құбыры арқылы есік алдындағы бау бақшаларын суарады сондықтан көшенің соңғы жағында қысым азайып су ақпай қалатынын айтып түсіндірді.


Қ.Сапарбаев - «Аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы. - өз сөзінде сервистік жұмыстарды аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі тікелей өз қадағалауына алатынын айта кетті. Өндірістік бөлімшенің 2022 жылдың жарты жылдығында атқарылған жұмыстарына оң баға бере отырып, алдағы уақытта әлі де көп жұмыстар атқару керектігін айта келе, барлық бағдарламалар кезең-кезеңмен орындалуда-деп сөзін аяқтады.

Қорытынды:

«Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I-жарты жылдығында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10⁰⁰нан-12⁰⁰-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы



Қ.Жанжигитов

Хатшы:



М.Қалтай

ХАТТАМА

Жаңақорған кенті

28 шілде 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жаңақорған ауданын оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2022 жылдың І-ші жарты жылдық есебін тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : Қ.Жанжігітов – «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. К.Налибаев – «Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімше басшысы.
 2. С.Ахметова - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
 3. А.Ибрагимов – Жаңақорған кенті әкімі.
 4. Қ. Сапарбаев -«Аудандық тұрғын үй-Коммуналдық шаруашылығы,Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы.
 5. М.Әбен - «Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімше шебері.
 6. « Жаңақорған ауданын оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшенің тұтынушылары және көше комитеттері.
 - 7.Хатшы- Д.Алдибеков инженер - технолог.
- Тұрғындар: Жаңақорған кентінің тұрғыны Л.Кетепов Ш.Сәдуов А.Сапахов Н.Садыков А.Бурисбаев А.Исин А.Исаева А.Акибаева А.Шаяхметов Б.Айдарханов және тағыда басқа тұрғындары.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

Құрметті бүгінгі жиналысқа қатысушылар!

1.«Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі 2022 жылдың І-ші жарты жылдықтағы көрсетілген қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есебі.

(Баяндамашы – К.Налибаев – бөлімше басшысы.)

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы – Қ.Жанжігітов есепті тыңдауды ашты.

К.Налибаев күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшенің 2022 жылдың І-ші жартыжылдығында атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

«Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның **«Арал»** салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Жанақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінде **77** жұмысшы қызметкер жұмыс жасайды. Өндіріс бөлімшеде **23**-насос станциясы, **5** дана техника, **486,48** шақырым су құбырлары қанағаттанарлық жағдайда жұмыс жасауда. Бөлімше **27** елді мекен бойынша **5,663** үйде тұратын **34,457** адамға, **52** бюджеттік және **28** заңды мекемелерге ауыз су таратуда.

2022 жылдың І-ші жарты жылдық бойынша **187,713** мың м³ су таратылды. Оның ішінде бюджеттік мекемелерге **8,975** мың м³, өзге мекеме **4,040** мың м³ текше метр, жеке тұлғаларға **174,698** мың м³ құрайды.

Өндірістік бөлімшенің теңгеріміндегі барлық су құбырлар, насос станциялары, су тарату жүйелерінің техникалық жағдайы, су өлшегіш құралдарының жұмыс атқарылатындығы туралы мәлімет.

Жалпы **2022** жылы І-ші жартыжылдығындағы алдын ала жөндеу жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстар: Қожакент, Келінтөбе елді мекеніндегі абоненттік көру құдықтарындағы шіріген вентильдер мен су таратқыштар қолдан жасалып ауыстырылуда. Қожакент елді мекеніндегі ескі насос станцияларындағы ұнғымалар бетон қоршаулар мен қоршалып, ұнғымадан ішкі су желісіне құбыр жалғанды. Елді мекендер мен магистралды құбырлардың бойындағы көру құдықтарының жоғалған беткі темір қақпақтарының орнына жаңадан бетон қақпақтар қойылды.

1. Жалпы өндірістік бөлімше бойынша жылына екі рет су жүйелерін және су сақтау қоймаларын жоспарлы жуу-шаю жұмыстары жүргізіледі. Айына бір рет аудандық ұлттық сараптама орталығымен жүргізілген келісім шарт негізінде ай сайын су сынамалары алынып тексеріліп отырады.

2. Өндірістік бөлімше бойынша барлық насос станцияларындағы насос қондырғылары мен электр жабдықтары күтіп баптауда ұстайды.

Сырдария бойындағы барлық насос станцияларына және әкімшілік ғимараттың сыртқы шамдары светодиодты шамдармен қамтамасыз етілді.

Қорыта келгенде өндірістік бөлімше бойынша 2022 жылдың І-ші жарты-жылдығындағы атқарылған және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар баяндалды. Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстар сапалы түрде жалғаса береді. Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

Сөз алғандар:

-ст.Бесарық елді мекені тұрғыны Б.Айдарханов. Жаз мезгілінде судың қысымы азайып су ағу уақыты неге қысқарады.

- К:Налибаев – Жаз мезгілінде судың қысымы аз болу себебі елді мекенге берілген су белгілі бір уақытпен ағады елді мекенде аяқ судың тапшы болуынан аула ішіндегі бау бақшаларын суарады, сондықтан елді мекенге судың қысымы болмайды.

- Манап елді мекені тұрғыны. Қ.Манабаев Ауыз су қашан ұзақ уақыт беріледі.

- К.Налибаев – Бас тоғаннан қайта ұңғыма қазылуда су мөлшері көбейген уақытта елді мекендерде ауыз судың уақытын созатын боламыз.

Қ.Сапарбаев Аудандық тұрғын үй-Коммуналдық шаруашылығы,Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы- өз сөзінде сервистік жұмыстарды аудандық тұрғын – үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі тікелей өз қадағалауына алатынын айтты.

Өндірістік бөлімшенің 2022 жылдың І-ші жарты жылдығындағы атқарылған жұмыстарға оң баға бере отырып, алдағы уақытта әлі де көп жұмыстар атқарылатындығын, барлық елді бағдарламалар кезең-кезеңімен орындалуда - деп сөзін аяқтады.

Қорытынды:

«Жаңақорған ауданын оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшенің 2022 жылдың І-ші жартыжылдығында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15-⁰⁰ ден – 17-⁰⁰-ге дейін.

Жиналыс төрағасы :



Қ.Жанжігітов

Хатшы:



Д.Алдибеков

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша жиналысының

Х А Т Т А М А С Ы

Шиелі кенті

28 шілде 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің магистралды су құбыры мен таратушы желілер арқылы ауыз су жеткізу қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2022 жылдың I-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша есепті тыңдауы.

Баяндамашы: А. Сарсембаев - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы.

Тыңдаудың төрағасы: Қ. Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Хатшысы: Г. Есжанова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі, кадр инспекторы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. С.Ахметова- ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

2. Т. Жағыпбаров - Шиелі аудандық мәслихат хатшысы.

3. Ғ. Аманжолов - Шиелі кенті әкімі.

4. Ж. Баядилов - «Шиелі аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы.

5. Ғ. Шалбаев - Шиелі аудандық құрылыс бөлімінің уақытша басшы міндетін атқарушы.

6. Т. Охап - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.

7. Э. Жайсаңбаева - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің есепшісі.

8. С. Абдраимов - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің ЕҚ және ЕҚ инженері.

9. Г. Сырымбетова - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің абонент бөлім меңгерушісі.

Тұрғындар: Шиелі кентінің тұрғындары - Ә. Маханбетов, Т. Тұрманов, Н. Мырзабеков, Б. Ибраев, В. Ким, В. Кузина және Көкшоқы мөлтек ауданы тұрғындары мен елді мекендерден келген ауыл тұрғындары.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2022 жылғы I-ші жарты жылдық реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. **(Баяндамашы: А. Сарсембаев - өндірістік бөлімше басшысы).**

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ.Жанжігітов тыңдауды ашты.

А. Сарсембаев - өндірістік бөлімше басшысы күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша бөлімшенің 2022 жылғы I-ші жарты жылдықта Шиелі ауданының тұрғындарын, (тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады.

«Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі Шиелі кенті мен Шиелі ауданының **22** елді мекенінің - **14 841** үйін, Шиелі кенті бойынша - **6 362**, елді мекендер бойынша - **8 479**. Бюджеттік мекемелер саны - **122**, заңды тұлғалар саны - **297**. Оның ішінде - **14 684** тұтынушы су өлшеуіш құралымен, **155** тұтынушы су өлшеуіш құралынсыз және 2021 жылы жаңадан **264** тұтынушы қосылды.

Аудан бойынша **27** насос станциясы, **23** дана су қыспақты мұнарасы, **148,35 мың** шақырым бас су құбырлары, **363,4 мың** шақырым ішкі су тарату желілері мен **7** дана қоғамдық колонкалар арқылы халыққа ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

«Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі - **7** елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, Бірлестік, М. Шоқай, 1 Мамыр, Майлытоғай, Тартоғай, Ботабай, Сұлутөбе, Бұланбай бауы бойынша барлық тұтынушылар саны - **8 240** тұтынушы, **1 326** абонент ауыз су тұтынады.

Ауыз су тұтынушыларды **24 сағат** ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында елді мекендердегі су мұнараларын түнгі мезгілге толтыру арқылы елді мекенге су беріледі.

Ауыз су жеткізуші болып табылатын «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі Сүттіқұдық елді мекеніне қарасты Бас саға арқылы ауыз суды өндіріп, Жаңақорған кенті мен Жаңақорған ауданының **6** елді мекеніне, сонымен қатар Шиелі кенті мен ауданның **22** елді мекендерге су жеткізіп отыр.

2022 жылдың I-ші жарты жылдығына «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі **782,950 мың м³** тұтынушыларға таратылды. Оқшау су жүйелері бойынша өндірген – **146,801 мың м³** тұтынушыларға таратылды. Алдын-ала жөндеу жұмыстарына 2022 жылдың I-ші жарты жылдықта бөлімше бойынша қаралған - **200** нысанға - **677 849** мың теңге қаражат жұмсалды.

Жоспарлы түрде көктемгі сәуір айында, күзгі қыркүйек айында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату

желілеріне, магистралды су құбырына, су мұнараларына және су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі.

Насос станцияларынан, су қоймаларынан - айына 1 рет, ұнғымалардан - тоқсанына 1 реттен сараптамалар алынады. 2022 жылдың I-ші жарты жылдықта СЭС лабораториясы тарапынан судың сапасы жөнінде ешқандай ескертулер болған жоқ.

Тұтынушыларды 24 сағат үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Қодаманов, Бидайкөл, Н. Бекежанов, Байсын, Ы. Жахаев, № 21 Бекет, Жансейіт, Ортақшыл, Досбол би, Ә. Тәжібаев, Бәйгеқұм елді мекендерінде, яғни 11 ауылда 8 ай бойы «**Байпасный линия**» арқылы су ішілуде.

Жаз айларында ауыз су тапшылығы болуына байланысты № 3 су көтеру насос станциясынан Шиелі кентіне баратын d-400 мм су құбырынан алынған Ақмая елді мекеніне баратын d-225 мм ПЭ құбырына, Шиелі кенті, Токтаров көшесіне баратын құбыр бойына, № 3 су көтеру насос станциясынан Бидайкөл елді мекені насос станциясындағы су қоймасына баратын d-140 мм ПЭ құбырына 1К-20-30 су тарату (**повыситель**) қондырғы насостары орнатылып, оң шешімі табылды.

Жаз айларында Бас су сағадан келетін су мөлшерінің жетіспеуіне байланысты Жөлек, Бәйгеқұм, Бала би елді мекендерді сумен қамтамасыз ету мақсатында Жөлек елді мекенінде орналасқан № 1 ұнғымасын пайдаланып, Жөлек Бәйгеқұм, Бала би елді мекендеріндегі насос станцияларының су қоймаларына баратын магистральды су құбырына **1К100/65/200** маркалы су тарату (повыситель) қондырғы насосы орнатылып оң шешімі табылды.

Бидайкөл, Қодаманов, Н. Бекежанов, Байсын, Жахаев, № 21 Бекет, Жансейіт, Ортақшыл, Досбол би, Тәжібаев, Бәйгеқұм 11 елді мекен 8 ай бойы «**байпасный линия**» арқылы ауыз су ішеді.

2022 жылдың I-ші жарты жылдығында электр қондырғыларына жұмсалған электр тауарларының қаражаты – **653,061 мың** теңгені құрап отыр. Бас су саға № 1 көтерме насос станциясына № 1,2,3,4,5,10,11-ші ұнғымаларға СУЗ шкаф қондырғылары орнатылды.

2022 жылдың I-ші жарты жылдықта әр ай сайын жұмысшы-қызметкерлердің жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігі, электр және техника қауіпсіздіктерін сақталуы мақсатында тексеру жұмыстары жүргізіліп отырды. Барлық насос станцияларында өрт қауіпсіздігі тексеріліп, кемшіліктер жойылды.

«ЖТСҚ» өндірістік бөлімшесі жұмысшы қызметкерлеріне айына бір рет оқу-жаттығу жұмыстары жүргізіліп отырды. Жұмысшы-қызметкерлердің мерзімдік медициналық тексеруден уақытылы өтуі үнемі тексеріліп, насос станцияларының гигиеналық тазалықты сақтау, жұмыс орындарының тазалығын сақтау тексеріліп отырады. Кемшіліктерді қалпына келтіруге ауызша ескертулер беріліп орындалуы тексерілді. 2022 жылдың I-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша - **176 250** теңгеге түрлі жұмыс киімдері мен қорғаныс құралдары жұмысшыларға таратылып берілді.

Өндірістік бөлімшеде жұмысшы қызметкерлерге берілген жұмыс киімдері мен қорғаныс құралдары белгіленген норматив бойынша тозу

мерзімі жеткен кезде есептен шығарылады. Мерзімі жетпей жұмыс ерекшелігіне байланысты жарамсыз болған жұмыс киімдеріне акт жасалып есептен шығарылды.

Мекемеде Шиелі кенті мен елді мекендерді аралайтын 23 бақылаушы - инспекторлар көше аралап, ауыз су ақысын жинауда, ғимаратта арнайы төлем кассасы жұмыс жасайды.

Сонымен қатар, апаттық жағдай болған жағдайда тәулік бойы диспетчерлік қызметке 4-19-99 байланыс телефоны арқылы хабарласуға болады.

«Су тіршілік көзі, өмірдің қуаты», «Судың да сұрауы бар» дейді, аққан судың қадірін білген дана халқымыз.

Біздің де Сіздерден өтініріміз ауыз су төлем ақысын уақытылы төлеп отыруларыңызды сұраймыз.

Зейін қойып тыңдағандарыңызға үлкен алғысымызды білдіреміз. Рахмет!!!

Шығып сөйлегендер:

Е. Абдрахманов - Ботабай елді мекені, Есабыз көшесінің тұрғыны. **Жыл сайын жаз айларында Ботабай ауылында ауыз су қысымы төмен болады, су жоқ есебі, оған қандай шара қарастырылуда?**-деген сұрағына өндірістік бөлімше басшысы - А. Сарсембаев су қысымын көтеру үшін ұңғымада орналасқан қондырғы істен шыққан жағдайда қосымша су қорын жинайтын су қоймасының жоқтығы салдарынан елді мекендерді ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ету мүмкіндігі жоқ екенін және алдағы уақытта жолдары қарастырылып, оң нәтиже беретінін мәлімдеді.

Р. Шамшиев- Бұланбай бауы елді мекені, Ысқақов көшесінің тұрғыны. **Біздің ауылда 24 сағат ауыз су берілмейді, үздіксіз ауыз су беру үшін қандай жұмыстар атқарылуда?**


А. Сарсембаев- Елді мекен тұрғындарын үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жаңадан ұңғыма мен су мұнарасын және II-су көтеру насос станциясы мен су қоймасының жоба-сметалық құжаттамаларын әзірлеуге ұсыныс берілгенін, келешекте жақсы нәтиже беріп, оң шешімін табады деген ойдамыз деп жауабын берді.

Қорытынды:

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I-ші жарты жылдығында атқарылған жұмыстарына **«жақсы»** деген баға беріледі.


Есепті тыңдау жабық деп жарияланады. **Өткізілген уақыты - сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.**

Тыңдаудың төрағасы:



К.Жанжігітов

Хатшысы:



Г. Есжанова

ХАТТАМА

Қызылорда қаласы

29 шілде 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2022 жылдың I-жарты жылдық қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: Тыңдаудың төрағасы: Қ.Жанжігітов – «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Б.Байтасов – «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. С.Ахметова - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Е. Ақпаев – «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының директорының орынбасары
4. Ж.Ағайдаров-«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің ТБ инженері
5. Г.Баекешова -«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі абонент бөлімінің меңгерушісі.
6. Хатшы - С.Жылмағанбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қызылорда қаласы ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

Тұрғындар: Қызылорда қаласы, Махамбетов ауылының тұрғындары
Л.Жарылқапова, Б.Назаров, М.Ақмырзаев.

Абай ауылының тұрғындары: М.Акимбаева, Қ.Бегарыстанов, Г.Белгібаева,
Наурыз елді мекенінің тұрғындары: Н.Садыков Ж.Мусаева, Ө.Ибадуллаев.

Күн тәртібінде мәселе бойынша:

Өндірістік бөлімшеге қарасты 13 елді мекен және Талсуат елді мекені маңында орналасқан «Оңалту орталықтары» бар. 11 елді мекен және «Оңалту орталықтары» тәулігіне 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз етіліп отыр.

Бірқазан елді мекенінде ауыз су құбыры (0,7км) толық болмауына байланысты уақытпен берілуде. Иіркөл елді мекенінде ауыз су құбыры

жоқтығына және 17-тұрғын үй ғана болғандықтан 24 сағат ауыз су беруге қажеттілік жоқ, сондықтан уақытпен берілуде.

Өндірістік бөлімшеге қарасты елді мекендерде барлығы 90 заңды тұлға және 6123 жеке тұлға бар.

Тұтынушылардың 98% пайызы су өлшегіш құралымен, ал 2% пайызы су өлшегіш құралынсыз ауыз су пайдаланып отыр. Тұтынушыларға пайдалану уақыты келген су өлшегіш құралдарын ауыстыру жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Тұтынушыларды тәулігіне 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында ауыз су нысандарына уақытылы күтім жасап және орын алған апаттық жағдайды қалпына келтіруге аға шебер, шебер, слесарь жөндеуші, дәнекерлеуші және жүргізушіден құралған авариялық бригада жұмылдырылған.

Авариялық бригаданың қалыпты жағдайда жұмыс атқаруы үшін, жұмысшыларға жазғы-қысқы арнайы киімдері, қолғаптары, аяқ киімдері және өзге де арнайы киімдермен қамтамасыз етілген.

Дизельді электр станциясымен жабдықталған Газ-3309 РТК, Газ-3307 ассенизатор, Case-570ST экскаватор-погрузчик арнайы техникалары және Газ-330232 газель фермер көлігі қарастырылған. Елді мекендерде орналасқан насос станциялары 8-дана дизельді электр станциясымен қамтылған.

2022-жылдың I-жарты жылдық қорытындысы бойынша:

Абонент саны – 6123 абонент

Халық саны – 31 351 адам

Заңды тұлға саны - 116 мекеме

Нақты өндірілген су көлемі – 422,703 мың м³

2022-жылдың кәріз су бойынша I-жарты жылдық қорытындысы бойынша:

Абонент саны – 374 абонет

Халық саны – 1492 адам

Заңды тұлға саны – 17 мекеме

Кәріз су көлемі – 79,593 мың м³

Атқарылған жұмыстар:

1. I-ші және II-ші су көтеру НС, КНС-ның құрылымдары мен насос қондырғыларына, Технологиялық құбыр бойында орнатылған ашып-жабу реттегіш арматуралары мен қайтарма клапандарға, Ауыз су және кәріз жүйесі бойындағы көру құдықтарында орантылған д200мм, д150мм, д100мм, д80мм ашып-жабу реттегіш арматураларына, фасондық бөліктеріне, өрт сөндіру гидранттарына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, орын алған апаттық жағдайларды дер кезінде қайта қалпына келтіру жұмыстары атқарылып келеді. Көктемгі-жазғы ауыз су жүйесін жуу-шаю залалсыздандыру жұмыстары уақытылы атқарылды. Барлық нысандар бойынша көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде.

2. Белкөл кентінде көп қабатты тұрғын үйлердің 1989 жылы пайдалануға берілген өздігінен ағатын кәріз жүйесі толықтай тозығы жеткендіктен күрделі жөндеу жұмыстарына бірнеше рет ұсынылып, оң нәтиже болмағасын өндірістік қажеттілікке байланысты «Өндірістік бөлімше» жұмысшыларының өз күшімен Белкөл кенті, №11 көп қабатты тұрғын үйдің өздігінен ағатын кәріз жүйесі қайта жаңғыртылды.

Сөз алғандар:

Л.Жарылқапова- Махамбетов ауылының тұрғыны, Жаз мезгілінде су ағу уақыты азайып су қысымы неге төмен болатынын сұрады.

Н.Садыков - Наурыз елді мекенінің тұрғыны, Жаз мезгілінде аз болуы себебі кент ішінде аяқ су шешімін таппауына байланысты көптеген тұрғындар ауыз су құбыры арқылы есік алдындағы бау бақшаларын суаруда сондықтан көшенің соңғы жағында қысым азайып су ақпай қалатынын айтып түсіндірді.

Проблемалық сұрақтар:

1. Кәріз насос станцияларына насос қондырғылары тапшы. 4-дана кәріз насос станциясына 2-данадан жаңа насос қондырғылары қажет.
2. Слесарь-жөндеуші жұмысшы саны өте аз.
3. Авариялық бригаданың жұмыс уақытынан тыс, демалыс күндері, мерекелік демалыс күндері атқарылған жұмысына жалақы төленбейді.

Қорытынды:

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2022 жылдың I-жартыжылдық қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10:00ден-12:00-ға дейін.

Жиналыс төрағасы:



Қ.Жанжігітов

Хатшысы:



С.Жылмағанбетова